АЛЫПҚАШПАНЫҢ АҚИҚАТЫ

Бауыржанның батасы: Жұрт жарыса таратқан ақпараттың ақ-қарасы

Кеңес Одағының Батыры, әйгілі әскери стратег, данқты жауынгер жазушы Бауыржан Момышұлының өміріне қатысты кез келген дерек оқырманды бейжай қалдырмасы анық. Бірер жылдың бедерінде ер Баукеннің батасын сайттар мен әлеуметтік желілерде жарыса жазғандар аз болған жоқ. Алайда олар ақиқатын жазды ма? Осы мәселеге қатысты батырдың немере інісі Бекет Момынқұлға хабарласқан едік...



Табиғат МҰСЫЛМАНҚҰЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Б.Момынқұлдың айтуынша, «Бауыржан Момышұлы Қырғыз Республикасына әскери қызметке жіберілді», деген әңгіме шындыққа жанаспайды.

«Көзі тірі кезінде-ақ аты аңызға айналған қазақтың біртуар перзенті Бауыржан Момышұлы туралы айтылар әңгіме көп. Оның ішінде «Бауыржанның батасы» ел арасында кеңінен тараған болатын. Әлеуметтік желіні ашып қалсаңыз, «Бауыржанның батасының» бірнеше нұсқасын оқисыз. Тіпті алғысөз ретінде мынандай дерек келтіреді:

«Ұлы Отан соғысы аяқталған соң, Бауыржан Момышұлы Бішкек қаласына әскери қызметке жіберіледі. Ол жолшыбай өзінің туған жері – Жуалы ауданына (Жамбыл облысы) 4-5 күн аялдайды. Батыр ағамыздың жанына облыстың, ауданның біраз басшы қызметкері еріп жүреді. Ауыл ақсақалдарымен бірге жақсы сөзге жаны құмар жастар да Баукеннің әңгімесін тыңдайды.

Сапарының соңғы күні Баукең жалғыз баласы соғыста қаза болған қасіретті қарияның бірінің үйінен дәм-тұз татып шықпақшы болады. Қанша үйдің дәмін татса да, астан кейінгі бата беруді ауыл ағалары өз міндетіне алады. Енді елден аттанар алдындағы дәм-тұздың батасын беруді жұрт Баукеннен өтінеді. Баукең сәл ойланады да, тебірене түсіп, былайша термелеп кетеді...».

Бұл «алғысөз» оқырманды шатастыратыны анық. Бауыржан Момышұлы «Ұлы Отан соғысы аяқталған соң Бішкек қаласына қызметке жіберіледі» дегенді кім жазса да жалған жазған», дейді ардагер қаламгер.

Ол Баукеннің өміріне қатысты деректерді бұрмалағандарға ренжуі. Жалған ақпарат тарих беттеріне сол күйі қатталып кете ме деген күдігі де жоқ емес.

«Біріншіден, соғыс аяқталған жылдары Қырғыз елінің астанасы Бішкек емес, Фрунзе деп аталған болатын. Екіншіден, Бауыржан Момышұлы әлгі қалаға әскери қызметке жіберілмеген. Олай айтып жүргендердікі тап-таза өтірік. Ал жалған айту кімге керек?

Осыдан екі-үш жыл бұрын мен Бауыржан ағамыздың немересі әрі мұрагері Ержан Момышұлынан Баукеннің үйдегі мұрасы ретінде сақталған біраз құжаттарды алып зерттедім. Сол кезде талай дүниені таптым. Соның Бауыржан ағаның өз қолымен жазған батасының нұсқасы қолыма түсті. Бата Баукеннің пікірімен берілген. Жалпы, Баукеннің батасына қатысты мың құбылған әңгімені ойдан құрастыратындар тізгін тартса екен», дейді ол. Ақиқатты ашып айтқан Бекет Момынқұл соңыра бізге аталған батаның түпнұсқасын ұсынды. Қолжазбамен жазылған мәтінді Баукең бірнеше мәрте түзегені айқын аңғарылып тұр.

Жас кезінде батырдың қасында отырып, талай рет тағылымға толы әңгімесін тыңдаған Бекет Момынқұл Бауыржан Момышұлына қатысты жазылған мақалалардағы асыра сілтеулерге ұдайы ренжіп жүреді. «Өзі білмейтін дүниені білетіндерден сұрау керек қой», дейді ардагер журналист. Онікі әбден дұрыс. Қанша дегенмен аңыз адамның немере інісі. Көп ел білмейтін дүние оған етене таныс. Сондықтан тарихи тұлғалар туралы жазғанда абай болған жөн секілді.

Жамбыл облысы

КӨНЕ ТАРИХ КӨМБЕСІ

Қорғандар бүккен құпия

Қазақ даласының тылсымы әлі толық ашылған жоқ. Талай сыр мен құпияны бүгіп жатқан қорған көп. Елдің батыс қиырындағы Атырау облысының Қызылқоға, Құрманғазы, Махамбет аудандарында көне тарихтан сыр шертетін көмбелер табылып жатыр.

Жолдасбек КӨШЕРБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Мәселен, быылтыр облыстық тарихи-өлкетану музейінің археологиялық экспедициясы Құрманғазы ауданындағы Асан ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 22,5 шақырым қашықтықтағы Қырықөба, Балқұдық ауылы маңындағы Балқұдық-I қорғандар кешенін зерттеді. Қырықөба аталатын биік төбеде әртүрлі көлемдегі 56 қорған бар. Мұндағы қорғандардың биіктігі 1-ден 2 метрге дейін, диаметрі 30-60 метр аралығын құрайды. Обалар батыс-шығыс бағытында ұзынды – 1 600, ені 300 метр аланда тізбектеліп жайғасқан.


Қорғандардың үстінгі бөлігінен шамамен IX-XI ғасырларда Солтүстік Каспий маңын мекен еткен көшпелі тайпаларға, астыңғы бөлігінен қола дәуірі мен біздің заманымызға дейінгі II ғасырдағы ерте темір дәуіріне тиесілі тарихи құндылықтар табылды. Оның ішінде қатты тотыққан қола мен темір жебе ұштары, кездік бөлігі, қыш ыдыстар, түрлі түсті металдан жасалған алтын, күміс әшекейлер бар.

Ал Балқұдық ауылынан оңтүстікке қарай 3 шақырым қашықтықта қорғандар шығыстан-батысқа қарай қатарласа орналасқан. Мұнда диаметрі – 12-70, биіктігі – 0,5 және 1,6 метр аралығындағы үш қорған қазылды. Қорғандар саздақ-құмды топырақтан үйілген. Археологиялық қазба кезінде табылған белбеуге алтын, күміс жалатылған 60 дана металл жапсырылған. Белбеудің тоғалары, салпыншақтары өте жақсы сақталған. Қорғандағы мүрденің оң жақ бел тұсында қорамса, темір жебелері, сол жақ тізесі мен кеуде тұсында шеңбер пішініндегі металдар бар. Ал өкшеден тізеге дейінгі аралықта сыртына металл жапсырылған қайыстан жасалған материал, қыш ыдыс, моншақтар табылды. Қойдың 4 асығы шыққан.

Археологтер қыш ыдыстардың жасалу технологиясына, өрнектеріне ерекше назар аударып отыр. Өйткені бұрын тұрғындар осындай бұйымдарды кездейсоқ тауып алып, жергілікті өлкетанушы Мәксот Жолжановқа тапсырған екен. Қазір сол бұйымдар Құрманғазы аудандық музейі қорында сақтаулы тұр. Соңғы табылған қыш ыдыстардың сол қорғанынан балбалтас табылды. Археологтер балбалтасты шамамен IX-XI ғасырға тиесілі деген болжам жасап отыр. Мұнайлы өңірде бұрын кездеспеген, археологиялық олжа саналатын балбал тастың биіктігі – 1 метр 20 см, ал ені – 50 см.

– Балбалтасты оғыз-қыпшақ дәуірінен қалған деп болжауға болады. Көне түркі ғұрпынан сыр шертетін көне жәдігермен бірге табынуға арналған құралдар табылып отыр. Мұндай балбалтастар IX ғасырдан бастап ислам діні тарауына байланысты далалықтардың жойылып кеткен. Өйткені ислам дінінде адам бейнесін





салуға рұқсат етілмейді, – дейді тарих магистрі Сейітхан Мираш.

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің жанынан құрылған экспедиция Қызылқоға ауданындағы Миялы ауылынан 6 шақырым қашықтықта орналасқан №3, 4 және 5-қорғанда археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Қазба жұмыстарына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың докторанты Ерден Оразбай жетекшілік етті. Музейдегі археология ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі Айдос Қалшабаевтың айтуынша, қазба жүргізілген қорғандар біздің заманымызға дейінгі VI-IV ғасырлардағы сауромат-сармат дәуіріне жатады. Қазба кезінде №3 қорғанның орталық жерлеу орны тоналғаны анықталды. Одан әртүрлі түстегі моншақ тізбесі, қайрақ тас, ал адам жерленбеген бос көмірден (кенотаф) темір қанжар (ақинақ) шыққан. Жасөспірім жерленген көмірге 2 қыш ыдыс қойылған. Ал №4 қорғанды зерттеу кезінде екі адамның шашылған сүйегі мен бірқатар қола жебе табылған. Бір таңданыс тудыратын жайт, аталған қабірдегі бір адамның үстіңгі тістері толық сақталыпты.

Қосалқы қабірдің бірінде жас қыз етпетінен жатқызылып, екі қолы бүтілген күйде жерленген. Тағы бір қабірден жауынгер сүйегі шыққан. Оның жамбас сүйегінің жоғарғы жағында темір қанжар (ақинақ) қойылған. Сол аяғының астыңғы жақ сыртында 20-дан аса ағаш сабы сақталған қола жебе, тас қайрақ, өрнектелген сүйек, қабан тісінен жасалған бойтұмары бар әшекейлер көмілген. Қорғандағы бір қабірге әйел жерленген екен. Оның жанынан бетіне сары түсті металл жалатылған тұтқасы бар қола айна, қола біз қойылған. Мүрденің екі қолының білек тұсында темір білезік, мойнында шар тәрізді пішіндерден құралған алтын алқа болған. Аяқ жағында ұсақ малдың жіліктері мен қабырғалары, темір пышақ бар.

– Қазақстан аумағындағы қорғандардың 95 пайызы өткен ғасырда тоналған. Қорғандарды тонаушылар, әсіресе басқарушылық, жауынгерлік қабілетімен, байлығымен танымал болған адамдар жерленетін орталық бөлігін «тазалап» кетеді. Ал археологтер қазба жұмыстары кезінде қорғанның шеткі бөлігінен бағалы жәдігерлерді тауып жүр. Мәселен, Қызылқоға ауданындағы қорғаннан алтын әшекейлерімен, алтын жалатылған айнасымен жерленген әйелдің табылғанын үлкен олжа деп аламыз. Дәл осы ауданда сыры ашылмаған 18 қорған табылды. Кейін оның саны бұдан да көп екені анықталды. Бірақ оның көбі жер рельефімен бірдей болып, тегістеліп қалған, – дейді музейдің кіші ғылыми қызметкері Ерлан Тлекқабылов.

Өткен жылы Махамбет ауданындағы Сарайшық ауылынан 15 шақырым қашықтықта қазба жұмыстары жүргізілді. Сол кезде жебе ұштары, айна, керамика сынықтары, тиын сақтайтын шағын құмыра, Өзбек хан тұсындағы теңгелер мен моneталар табылған еді. Ғалымдардың пікірінше, Ащысай өзенінің жағасында керуен сарайы, халық тұратын тұтас бір елді мекен болған.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің мамандары жалғастырған биылғы қазба жұмыстарына ортағасырлық Сарайшық қаласының жүргізген археологиялық қазба жұмыстарына облыс әкімдігі қолдау білдірді. Археолог Амангелді Зайновтың айтуынша, облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттамалар басқармасына қарасты тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының тапсырысымен қолға алынған жұмыс кезінде көлемі 600 шаршы метр, тереңдегі 2 метр жер аумағы зерттелді.

Археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижелі болды. Ортағасырлық қаланың тұрғын жайлары, кәріз жүйесі, керамикалық ыдыстар, моншақтар, өңделген сүйектер, дирмен, ұршық пен қайрақтың тастары, темір бұйымдар фрагменттері, тұрғын үйлердің жылу жүйесі табылды.

– Қазба орнынан XIV ғасырдың екінші жартысына, Алтын Орда дәуіріне сәйкес келетін күміс, мыс тиындар көмбесіне кезіктік. Көмбеден 200-ге жуық күміс, 50-ге жуық мыс тиын шықты. Бұл тиындар Алтын Орда дәуірінде, Жәнібек пен Азиз-Шейх хандардың тұсында соғылғаны анықталып отыр, – дейді археолог Амангелді Зайнов.

Оның айтуынша, орта ғасырдағы Сарайшық қаласындағы археологиялық қазба жұмыстары 15 маусымда басталып, бір айға созылған. Үй жануарларының сүйектері мен балық қалдықтары, өзге де артефактілердің нақты дерегі лабораториялық зерттеулер жүргізілгеннен кейін белгілі болады.

Атырау облысы